

Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі  
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті  
Экономика және құқық факультеті  
Қылмыстық құқықтық пәндер кафедрасы

## **Қылмыстық құқық (жалпы бөлім)**

Орындаған 6В04202- Құқық қорғау органдарының  
қызметі мамандығының студенті Куспанова Гаухар

Тексерген: Ергалиева Күләнда Сағипқызы

**Қылмыстық құқық бұзушылық  
объектісі.**

**Қылмыстық құқық  
бұзушылықтың объективтік жағы**

Орындаған: 6В04202- Құқық қорғау органдарының  
қызметі мамандығының студенті Куспанова Гаухар

Тексерген: Ергалиева Күләнда Сағипқызы

## Жоспар:

1. Қылмыстың объектісінің түсінігі және оның мәні.
2. Қылмыстың объектілерінің түрлері.
3. Қылмыстың заты.
4. Қылмыстың объективті жағы ұғымы, оның маңызы
5. Қоғамға қауіпті әрекет (іс – әрекет немесе әрекетсіздік)
6. Қоғамға қауіпті зардаптар

Объект құрамның міндетті элементтерінің (жақтарының) бірі, сондықтан да объектісіз қылмыс жоқ. Қылмыстық заңда қылмыс деп қарастырылған кез-келген қоғамға қауіпті әрекет белгілі бір объектіге бағытталады.

Қылмыстық озбырлық жасалғанда сол объектіге елеулі нұқсан келеді немесе ондай қауіп төнеді.

Объектіні дұрыс анықтау қылмыстық әрекеттің әлеуметтік және заңдық түп-тамырын, нысанын және жасалған қылмыс үшін қарастырылған қылмыстық жауаптылықтың мөлшерін айқындауға көмек етеді.

Объектіні анықтау қылмыстың өзара ұқсас құрамдарын бірінен-бірін, қылмыстық әрекетті қылмыстық емес әрекеттен ажыратуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, әрекеттің қоғамға қауіптілік деңгейі қандай объектіге қастандылық жасалатындығына көп байланысты, сондықтан да қазіргі күшіндегі қылмыстық заңда былай деп көрсетілген: «қылмыстық заңда көзделген қандай да бір әрекеттің формальды болса да нышандары бар әрекет немесе әрекетсіздік қылмыс болып табылмайды, егер оның қоғам үшін қауіптілігі елеусіз болса». Объект рөлі мұнымен шектелмейді.

Қылмыс объектісінің нышаны бойынша заң шығарушы қылмыстық-заң нормаларын жүйелеу және кодификациялау сияқты күрделі жұмыстар жүргізеді.

Бұрынғы Одаққа кіретін елдердің көптеген теоретиктерінің пікірінше қылмыс объектісіне қоғамдық қатынастар жатады.

Қоғамдық қатынастар — қатынас деген жалпы ұғымның ең күрделі түрлерінің бірі. Әдістемелікте қатынасқа «барлық құбылыстардың өзара байланыс сәті» деп анықтама берілген.

Қоғамдық қатынастарда ерекше сипат бар, мұнда адам әлеуметтік тұлға ретінде өзекті буын болып саналады.

Адам өзі жасаған заттармен, объективтік әлеммен және басқа адамдармен белгілі бір қатынаста болады.

Нәтижесінде ол өзі игерген әлемде өз ісіне өзі адам ретінде есеп береді (ақылға келіп), басқа адамдарға өзіндей қарайды. Адам санасының қоғамдық жаратылысын және таным процесіндегі қоғамдық қатынасты зерттеудің қажеттігін осы жағдайлармен түсіндіруге болады.

Бұрынғы Одақтың қылмыстық заңында қылмыс объектісінің жүйесі жете қарастырылған деп саналатын. Атап айтқанда, объектілерді үш сатыға топтастыру теориясы ұсынылған, олар: жалпы, текті немесе арнаулы және «тікелей» деп аталатын.

Қылмыстың жалпы объектісіне бұзғандық үшін қылмыстық жауаптылық қарастырылған барлық қоғамдық қатынастар (жиынтығы) жататын, ал тектік немесе арнаулы объектіге — біртектілік немесе белгілі бір салада ғана болу нышаны бар қоғамдық қатынастардың бір бөлігі немесе тобы жататын.

Бірақ «қоғамдық қатынастардың» жалпы санатын «тікелей» деп аталатын объектіге қолдану істің басын ашпады, түсініспеушілік тудырды. Мысалы, «кейбір жекелеген қылмыс өзіне қарсы бағытталған нақты қоғамдық қатынастарды. «тікелей» объект деп түсіну қажет деген барлық қылмыстық заң оқулықтары мен курстарындағы (1926 жылдан 1995 жылға дейін) тұжырымдар осыған мысал. Мұндай анықтаманың формальдық екенін байқау қиын емес. «Бір немесе бірнеше қылмыс өзіне тікелей немесе жанама қарсы бағытталған заңмен қорғалатын нақты қоғамдық қатынастарды» қылмыстың «тікелей» объектісі деп ұғыну қажет деген тұжырымдар да кездеседі. Сонда, «тікелей» объект — нақты қоғамдық қатынас емес, қоғамдық қатынастардың жиынтығы болып шығады. Қазақстан Республикасы ҚК-нің негізгі тараулары мынадай: адамға қарсы қылмыстар; отбасына және кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстар; адамның және азаматтың конституциялық және басқадай құқықтары мен бостандығына қарсы қылмыстар; бейбітшілікке және адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар; конституциялық құрылыстың негізіне және мемлекеттік қауіпсіздікке қарсы қылмыстар; меншікке қарсы қылмыстар; экономикалық қызмет саласындағы қылмыстар; коммерциялық және басқа ұйымдардағы қызметке қарсы қылмыстар; қоғамдық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстар; халық денсаулығына және адамгершілікке қарсы қылмыстар; экологиялық қылмыстар; көліктегі қылмыстар; мемлекеттік қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстар; басқару тәртібіне қарсы қылмыстар; сот төрелігіне және жазалардың орындалу тәртібіне қарсы қылмыстар; әскери қылмыстар. Әрі қарай нақтыланса Қылмыстық кодексте қылмыстар туралы нормалардың «кіші топтары» құрылуы мүмкін. Бұл процесті екі бағытта жүзеге асыруға болады: мүдде субъектісі бойынша және сол қорғалатын мүдденің сипаты мен мазмұны бойынша. Мысалы, адамға қарсы қылмыстардың ішінен барлық адамдардың өміріне, денсаулығына, ар-ожданына қарсы қылмыстар ғана емес, сонымен қатар, адамдардың кейбір санаттарына — кәмелетке толмағандардың, өйелдердің, ауру адамдардың және басқалардың тиісті мүдделеріне (игіліктеріне) қарсы қылмыстар бөлініп алынуы мүмкін.

Қылмыстық заң теориясында негізгі, қосымша және «факультативтік» деп аталатын объектілер бөлінеді.

Негізгі (тікелей) объект дегеніміз — соны қорғау үшін қылмыстық-заң нормалары (заң) қалыптасқан объект.

Мұндай объект Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінің жүйелеріндегі норманың орнын анықтауда басты критерий болып табылады.

Қосымша объект дегеніміз негізгі объектіге қарсы жасалған қылмыстан «жол-жөнекей» залал шегетін (немесе шегуі мүмкін болатындай қаупі бар) объект.

Мысалы, тонағанда негізгі объект — меншік, ал қосымша объект — нақты адамның денсаулығы; көріне жалған сөз жеткізгенде негізгі объект — мемлекеттің сот төрелігінің мүддесі, ал қосымша объект — атына сол сөз айтышқан адамның мүддесі.

Қылмыстың факультативтік объектісіне қандай да бір қылмысты жасағанда белгілі бір зиян келуі мүмкін қатынас (мүдде) жатады. Мысалы, бұзақылық жасағанда, негізгі объект қоғамдық тәртіп болса да, жеке адамның мүддесі бұзылады. Бірақ, бұзақылық жасағанда мұндай объектінің мүддесі бұзылмауы да мүмкін (мысалы, нақты адамның мүддесі).

Озбырлық жасалатын объектіні зерттеудегі маңызды да, сонымен қатар даулы көзқарастардың бірі — қылмыс заты болып қалады.

Қылмыстық заң теориясында бұл мәселені шешудің екі жолы бар. Біріншісі — қылмыс затын тек практикалық тұрғыдан қарастыру. Мысалы, заң оқу орындарына арналған көптеген оқулықтарда қылмыс заты ретінде сыртқы әлемнің материалдық заттары алынған, олар қандай да бір қылмыс жасалғанда белгілі бір әсерге ұшырауы мүмкін.

Көптеген авторлар сырт көзге көрінетін, өлшем мен тұрқы бар, белгілі бір материалдық кейіптегі заттар мен құндылықтарды ғана қылмыс затына жатқызады. Осыған сүйеніп олар қылмыстық заңда өзінің әсер ететін заты жоқ қылмыстардың көзделгендігін айтады.



Сөзсіз, қылмыс заты — түйсінуге, өлшеуге болатын заттар, құндылықтар, олар қылмыстың нышанын, қылмыстың сипатын және мұндай әрекетті жасау тәсілін анықтауда маңызды рөл атқарады. Оның топтастыруда да, саралауда да маңызы бар. Кейбір жағдайларда заттың нышаны жауаптылықты ауырлататын мән-жай ретінде де қарастырылуы мүмкін (мысалы, Қызыл кітапқа кірген балықтардың, жануарлардың бағалы тұқымдарын аулау, ұрланған құжаттың аса маңыздылығы, т.б.). Қылмыстық жаза шарасын белгілеу де затқа — материалдық құндылыққа байланысты болуы мүмкін (мысалы, бас пайдасы үшін жасалған қылмыстағы залалдың мөлшері).

Қылмыс жасалғанда затқа қандай да бір залал келуі мүмкін (мысалы, бөтеннің мүлкін жою немесе бүлдіру), ал кейбір жағдайларда ондай залал келмеуі де мүмкін (бөтеннің мүлкін ұрлаған адам сол заттардың бүлінбеуіне барлық шара қолданады). және мұндай затты қылмыскердің объектіге, оның ішінде заттың өзіне ықдал жасауына мүмкіндік беретін қылмыс құрамынан ажырата алу қажет (мысалы, бөтеннің мүлкін бүлдіруге қажетті балта, мал ұрлауға қажетті автомобиль).

Сонымен қатар бір заттың өзі әртүрлі рөл атқаруы мүмкін — қылмыс жасау құралы болып та, қылмыс заты болып та, мысалы — атылатын қаруды ұрлау үшін керекті қару және адам өлтіру үшін қажетті қару.



Қылмыстық құрамның объективтік жағына қылмыстық-заң нормаларының диспозицияларында көрсетілген қылмыстық әрекеттердің сыртқы көріністерінің жиынтығы жатады.

Адам жасаған кез-келген актіде көптеген ішкі және сыртқы нышандар болады.

Нақты қылмыстық-жазаланатын әрекет әрқашанда өзінше ерекше болады. Біз адамның жай дене қозғалысын емес, оның саналы қызметін қарастыруымыз керек. Мұндай қызмет қандай да бір қылмыстық заң нормасына сәйкес келеді, егерде оның ойы, сезімі немесе көңіл-күйі емес, тек қимыл-өрекеті нақты көрініс тапса.

Қылмыстың нақты құрамының объективтік жағы қоғамға қауіпті және қылмыстық-заңға қарсы деп тану үшін, сондай-ақ оны қылмыстың аралас құрамдарынан бөлектеу үшін қажетті нышандардың ғана жиынтығын құрайды. Мысалы, ұрлықтың объективтік жағы (ҚК-тің 175 бабы) — бөтеннің мүлкін жасырын ұрлау; зорлау — күш қолдану арқылы жыныстық қатынас жасау, жәбірленушіні немесе басқа адамдарды қорқыту немесе жәбірленушінің дәрменсіздік жағдайын пайдалану (ҚК-тің 120 бабы); бұзақылық - қоғамды анық құрметтемеуін білдіретін, азаматтарға қарсы күш қолданумен не оны қолданамын деп қорқытумен, сол сияқты бөтеннің мүлкін жоюмен немесе бүлдірумен не ерекше арсыздықпен ерекшеленетін әдепсіз іс-әрекет жасаумен ұштасқан қоғамдық тәртіпті тым өрескел бұзушылық (ҚК-нің 257 бабы).

Қылмыстық құрамның объективтік жағы мыналарды қамтиды: әрекет немесе әрекетсіздік, қоғамға қауіпті зардап, әрекет немесе әрекетсіздік пен зардап арасындағы себептік байланыс, қылмыс жасалған уақыт, орын, жағдай, жасау тәсілі, құралы және қаруы.

Адамның өрекеті немесе өрекетсіздігі — кез-келген қылмыстық құрамның міндетті нышаны.

Қоғамға қауіпті салдар, себептік байланыс, қылмыс жасалған уақыт, орын, жағдай, жасау тәсілі, қаруы және құралы қылмыстық құрамның объективтік жағының факультативтік нышандары деп аталады, себебі олар қылмыстық-заң нормаларының диспозициясында көрсетілген жағдайда ғана міндеттілік ролін атқарады.

Әрекет дегеніміз адамның белсенді қимылы. ҚК-те көзделген қылмыстардың басым көпшілігі әрекет арқылы жасалынады.

Қылмыстық мінез-құлықтың нақты формалары өрқилы. Олар Қылмыстық заңның Ерекше бөлімінде қарастырылған.

Форманың (тәсілдің), әрекеттің ерекшелігі көптеген жағдайларда қылмыстың тиісті құрамының объективтік жағының қажетті сипаты деп танылады. ҚК-те көзделген қылмыстық құрамның барлығына жуығы бірінен-бірі, негізінен, қоғамға қауіпті әрекеттегі тәсіл бойынша өзгешеленеді.

Мысалы, заң бөтеннің мүлкін ұрлауды, оның жасалу тәсіліне қарай, өзінше бөлек түрлерге ажыратады: ұрлау-бөтеннің мүлкін жасырын ұрлау; тонау — бөтеннің мүлкін ашықтан-ашық алу; қарақшылық - бөтеннің мүлкін иемдену мақсатында сол шабуылға ұшыраған адамның өмірі мен денсаулығына қауіпті күш көрсетіп немесе күш көрсетемін деп қорқытып шабуыл жасау; алаяқтылық — алдау арқылы немесе сенімге қиянат жасап бөтеннің мүлкін иемдену немесе сол мүлікке құқықты алу.



Адамның әрекеті оның еркінің сыртқы көрінісі. Сондықтан да ол саналы түрде және белгілі бір мақсатқа жету үшін жасалуға тиіс. Әрекеттің сипаты, еркімен жасалған болса да, адамның кінәсінің бар-жоғын алдын ала анықтай алмайды.

Кінә туралы мәселе адамның өз әрекетінің зардабын алдын ала білу немесе біле алу мүмкіндігіне байланысты шешіледі немесе қышмыс құрамының объективтік жағын құрайтын іс-әрекеттің белгілі бір сипатын ұғыну немесе ұғына алу мүмкіндігіне байланысты шешіледі.

Сондықтан да адамның рефлекторлық дене қозғалысын, сондай-ақ сандырақтап жатқан адамның қимылын адамның іс-әрекеті деп қарауға болмайды, себебі ол әрекеттер адамның өз ырқына бағынбайды.

Ырық бермейтін табиғат күшінің немесе дүлей күш көрсетудің өсеріне ұшыраған адамның түйсікті іс-әрекетінің өзі кейде қылмыстық-зандық мағынасын жоғалтады. Осындай жағдайда жасаған адамның іс-әрекеті немесе әрекетсіздігі оның қылығы болып саналмайды, яғни қылмыс емес, себебі ол өз ырқына қарсы әрекет (әрекетсіздік) жасайды. Мысалы, адам іс-әрекет жасауға күш-қуаты жетпегендіктен өзіне жүктелген міндетті орындай алмайды. Қылмыстық әрекетсіздік — жасауға болатын және жасауға тиісті қандай да бір әрекетті адамның жасамауы. Әрекетсіздікке байланысты көзделген қылмыстардың құрамы онша көп емес. Әрекетсіздік жолымен жасалған қылмыстарға мүмкіндікті жіберіп алу немесе таза әрекетсіздік жатады. Олар қылмыс құрамын зиянды зардаппен заң байланыстырмаған жағдайда болады. Мысалы, қауіпті жағдайда қаддыру, ауру адамға көмек көрсетпеу, т.б. Әрекетсіздік арқылы жасалатын қылмыстардың басқа тобын аралас әрекетсіздік құрайды. Мысалы, қойма меңгерушісі өзіне сеніп тапсырылған материалдық құндылықтардың сақталуына шара қолданбады, нәтижесінде олар бүлінді. Мұндай қылмыстың құрамы үшін адамның әрекетсіздігінен зиянды салдардың болуы қажет.

Әрекетсіздік қылық заңға қарсы болса ғана қылмыстық мағынаға ие болады, яғни әрекет жасау міндеттілігі қылмыстық-заң нормаларының талаптарынан туындайды.

Қылмыстық заң қылмыс құрамын сол іс-әрекеттің (әрекетсіздіктің) тікелей жасалуымен, не соның салдарынан белгілі бір қылмыстық зардаптың болуымен байланыстыра алады.

Қылмыстық зардап дегеніміз адамның іс-өрекет (әрекетсіздігі) нәтижесінде қоршаған ортада болған және қылмыс құрамының объективтік нышандарына жататын өзгерістер.

Әрбір қылмыстық іс-әрекет (немесе әрекетсіздік) дегеніміз — қылмыстық заңмен қорғалатын жеке адамның мүддесіне, қоғамның немесе мемлекеттің мүддесіне қол сұғу. Бірақ, жеке адамның мүддесіне, қоғамның немесе мемлекет мүддесіне, яғни озбырлық жасалатын объектіге келтірілген зиян материалдық емес, себебі ол заттар өлеміне емес, адамдар арасындағы қатынастарға жатады.

Сондықтан да, қылмыстың құрамын талдағанда қылмыс объектісіне келтірілген зиян (залал) ұғымын қылмыс заты ұшыраған ауыр зардаптан (нәтижеден) қатаң ажырата білу керек, соларға байланысты тиісті мүдделер қалыптасады. Егер мүддеге келген зиян (залал) озбырлық жасау объектісінің сипаттамасына жататын болса, озбырлық жасалған затқа келген зардап (нәтиже) қылмыс құрамының объективтік жағының қасиетін білдіреді. Қылмыс объектісіне келген залал қылмыстық-заң нормасында қылмыс құрамының нышаны ретінде еш уақытта көрсетілмейді.

Қылмыстың әрбір құрамы өзіне келтірілген залалдың емес, объектінің анықтамасын береді.

Озбырлық жасау затына келтірілген зиян, көбіне, қылмыс құрамының объективтік жағының міндетті нышаны ретінде қылмыстық заң диспозициясында көрсетіледі.

Озбырлық жасалған затқа келетін зиян әртүрлі нысанда болуы мүмкін. Олар материалдық залал (бөтеннің мүлкін ұрлау, жою, т.б.), денеге (денсаулыққа) зиян келтіру түрінде болуы мүмкін.

Материалдық залал, қылмыстық заңда, озбырлық жасалған затты қалайда жоюмен немесе бүлдірумен байланысты емес. Ұрлау материалдық залал тудырады, бірақ ол мүлікті жоюмен де, бүлдірумен де байланысты емес.

Қылмыстық нәтижеде материалдық емес сипат та болуы мүмкін. Мысалы, азаматтардың мүліктік емес субъективтік — саяси, еңбек және басқа құқықтарын бұзу, мекеменің, ұйымның және кәсіпорынның қалыпты жұмысын бұзу.

**Назарларыңызға  
рахмет!**